

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ТІЛДЕРДІ ДАМУ, МҰРАҒАТТАР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ –
ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ
Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары

Елтаным баспасы
Алматы
2013

Каналиева С.У. А.Байтұрсынұлы поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы.....
Есенқұлова А. Тағылымы мол тәржімашы
Смағұлова С. Ұлт рухын көтеруші

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жұбанов А.Қ. Лингвопрагматиканың негізгі бірліктері жайында.....
Сағындықұлы Б. Бағзы түркі тіліндең фонемасы болған ба?
Смағұлова Г.Н., Өзекбаева Н.А. Мемлекеттік тіл: сұраныс пен қолданыс.....
Садықов Т., Изол М. Үнсүздердудің артикуляциялық базасы жөнүнде
Жаңабекова А.Ә. Онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі»
қимыл атауы категориясына қатысты грамматикалық жаңартпалар
және оларды оқыту жүйесіне енгізудің ғылыми негіздері
Тымболова А.О. Лингвопоэтикалық зерттеу бағыттары
Әділова А.С., Хасенов Б.Р. Символ және оның белгілері
Садықов Т., Артықова Ж. Бөлүкшелердудің бейвербалдық контексті
Жаңабекова А.Ә. Аннотацияланған корпусардың ғылыми-практикалық маңызы
Жилқубаева А.Ш., Сапанова А.М. Тағам атауларына байланысты «құрбандық» концептісі
Құлжанова Б.Р. Көпмағыналылықтың даму тарихынан
Гарашова Е.М. Особенности спряжения модальных глаголов
Құлманов С. Морфологиялық репрезентациялау – концептуалды мазмұнды құрылымдау тәсілі
Исаева Ж.Т., Тәттібаева А.Е. Ауызекі тіл мен көркем әдебиет тілі туралы
ерекшеліктер және олардың маңыздылығы
Әшімбаева Н. Көнерген атаулар – тіл байлығының сарқылмас көзі.....
Нұрмышева Ш. Ғылыми стиль және ғылыми дискурс ерекшеліктері
Исаева Ж.А. «Қазақ просодикасы» пәні, білім мазмұны мен негізгі мәселелері
Омарова Б.А. «Әне», «міне» сілтеу есімдіктерінің қолданылу ерекшеліктері
Рысбаева Г.Қ. «Құдай, Алла, Тәңір» лексемаларының өзіндік ерекшеліктері
Жүнісова М.Ә. Көне және ескі түркі тілдерін дәуірлеу
Солтанбекова Ф.Ә. Қазақ жарнамалары тілінде ақаулықтардың болу себептері
Абдрахманова Ж. Омонимия тәсілі арқылы жасалған окказионал фразеологиялық тұлғалар.....
Оразымбетова А.Б. Концепт және концептуалды жүйе
Ибрайымова Л.Ә. Гендерлік лингвистиканың нейроанатомиялық сипаты
Әбутәліп О.М. Амал мен ай атауларын айыра білсек.....
Тәттібаева А.Е., Исаева Ж.Т. Медициналық аталымдар метафоралануындағы
сөзжасамдық ұстанымдар мен семантикалық ерекшеліктер.....
Өтемісова Г.Ж. Ақындар тіліндегі киім-кешек, мата-кездеме,
үй мүліктеріне қатысты көнерген аталымдар
Нұрлыбаев Н.М., Сражиева Д., Усипбекова А. Мәтін құрастырудағы лингвостатистикалық әдіс
Безалиева Л.Б. Зат есімді синонимдердің етістік арқылы жасалуы.....
Бекмағанбетова Г.Ш. Шарт қатынасындағы модальдылықтың құрылымдық элементтер арқылы
берілу жолдары
Жақыбаева Қ.А. Алгоритмдік тәсілдер арқылы мәтінмен жұмыс істеудің тиімді жолдары
Карбозова Б.Д. «Абай жолы» романындағы сын есімнің лексика-морфологиялық
формасының статистикасы
Алтысбай Ж.Қ. Халықтық медицина атауларының фразеологизмдердегі көрінісі
Бекетанова Н. Қазақ тіл біліміндегі шақтық локалдылық категориясының зерттелу жайы.....
Амантурлиев Е. Туыстас тілдердегі фразеологизмдерді салыстыру мәселесі
Исаева Г. Взаимовлияние и взаимодействие языка и культуры.....
Ескельдиева Б.Е. Сравнительные конструкции с показателем tv=ғандай в казахском языке
Текесбаева Г.М. Жыраулар поэтикасындағы «әдемі» концептісінің көрінісі
Қожахметова А.Қ. Корпусқа енгізілетін мәтіндердегі нөлдік форма жайында.....
Рахымжанова М. Публицистикалық стиль – баспасөз жаршысы.....
Тілегенова Г. Қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі көптік тұлғаның ұқсастықтары.....

алғашқы сыңардың да модальдық ерекшелігі әсер етіп тұрғаны көрінеді. Мұндай сөйлемдердің ныңқысының өзі тек қана шарт емес, лепті шарт болып ерекшеленеді.

Әдебиет:

1. Есенов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер. – Алматы, 1991. – 6 б.
2. Ермакова Т.Н. Компоненттер құрылысының құрмалас сөйлемнің грамматикалық-семантикалық қатысы. Филол. ғыл. докторы ... автореф. – Алматы, 2007. – 43 б.
3. Жиенбаев С. Синтаксис мәселелері. Құрмалас сөйлемнің таптастырылуы туралы. – Алматы, 1941. – 10 б.
4. Бекмағанбетова Г.Ш. Қазақ тіліндегі шарт қатынасындағы құрмаластық құрылымдардың функционалдық табиғаты. Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2010. – 124 б.
5. Әмір Р. Әмірова Ж. Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесіндегі ролі. – Алматы, 2009. – 116 б.
6. Бекмағамбетов Ш. Қазақ тіліндегі түсіндірмелі конструкцияның негізгі түрлерінің құрмалас сөйлемнің сипаттамасы. Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1993. – 197 б.
7. Бабалова Л.Л. Семантические разновидности причинных и условных предложений в современном языке. Автореф. ... канд. дис. – М., 1974. – 26 с.

Резюме

В статье выясняется влияние на субъективной модальности сложных предложений условно-соподчинения его составляющих компонентов, выражающих различные формы ментальности.

Summary

The article vyyasnetsya effect on subjectively modality complex sentences conditional relations constituents expressing different forms of mentality.

Жақыбай

Халықаралық бизнес академиясы

аға оқытушы

Алгоритмдік тәсілдер арқылы мәтінмен жұмыс істеудің тиімді жолдары

Қазақ тілін орыс тілді дәрісханада үйретудің ең бір маңызды тәсілі – алгоритмдік жол. Мәтінмен жұмыс қаны немесе кез-келген нақты ғылымдарды үйретуде формула қандай керек болса, тілді үйретудің алгоритмінің пайдасы зор. Қазақстанда трансформативті грамматика әдісіне ерекше мән берген А.Е.Карлинский болды. Біздің түсінігімізше алгоритмдік басқару іс-әрекетті нақты жинақталған ауызекі сөйлеу мақсатында жетістікке бағыттайтын белгілі жүйе болып табылады. Ол ауызекі сөйлеудің барлық түріндегі тапсырмаларды орындау барысында алатын студенттің командасын қамтамасыз етеді. Алгоритмдік тәсіл – оқытушы тапсырмасының құрылымы. Оқытушы студенттің мақсатын, мақсатқа жету жолдарын, шарттары мен тапсырманы орындаудың бірізділігін тапсырманың мақсатына үйретеді. Оқытудың барлық түрінде алгоритмдік басқару командалық шартқа бағынуға, сөйлеуді талап етеді. Мысалы; мәтін беріледі. Мұндағы алгоритмдік басқару.

1-кезең. Мәтінді мәнерлеп оқу, түсіну, мазмұндау. Мәтіндегі жаңа сөздерді түсіну, мағынасын ашу, көп мағыналылығын түсіндіру. Түсінген сөздерімен жұмыс жасау. Сөздерді аудару. Сөздердің мағынасын қалай түсінемін? Мәтін бойынша білетін, мағынасы таныс сөздерді теріп алу. Сөздер бойынша мәтінге мағыналас сөз тіркестерін құрастыру, сөйлем құрастыру тапсырылады. Мысалы: «Қоғамның байлығы – дарынды жастар» мәтіні бойынша жұмыс. Берілетін тапсырмалар: «дарындылық» сөздерінің мағынасын қалай түсінеміз? Бұл сөздер – объект. Бірінші осы сөздерге білетін ассоциация. «Қабілет, ерекше қасиет, сый, табиғат, туу, көп оқу, іздену, ақыл-ой, көп білу, білім» деп студенттер бірнеше сөздерді атайды. Осы сөздерден сөйлем құрастыру тапсырылады. Студенттер өздері төмендегідей сөйлемдер құрастырады.

Дарын – бұл қабілет. Ол – табиғаттың сыйы. Ол адам қабілетінің ерекше дамыған түрі. Дарындылық – бұл туа бітеді. Дарындылық – адам қабілетінің ерекше дамыған түрі. Дарындылық – адамның бір нәрсеге ерекше қабілеті. Мысалы математикаға, физикаға, өнерге, ән салуға, спортқа т.б. Дарындылықтың түрлері: ақыл-ойы ерекше дамыған адамдар, екіншісі – спорт, музыка, математика т.б.

көп ізденіп, жетістікке жетеді. Тарихтағы дарынды адамдар туралы, мысалы: Дюрер үш жазығының суретін салған. Моцарт 7 жасында төрт соната жазған. Гаусс 13-14 жасында математик болды. Бұл – табиғаттың сыйы.

Кезең. Студенттерге сұрақ қоя отырып, ауызекі сөйлесуге дағдыландыру.

Сұрақ: – Дарынды балалар қандай болады?

Жауап: Олар зерек, алғыр, пысық болады.

Сұрақ: Берілген тапсырманы қалай орындайды?

Жауап: Келген іс-әрекетті шығармашылықпен орындайды.

Сұрақ: Адам қалай дарынды болады?

Жауап: Ғылымнан және көп оқыса, ізденсе дарынды болады.

Сұрақ: Дарынды адам немен ерекшеленеді?

Жауап: Қабілеттілігімен, қасиетімен ерекше болады.

Кезең. Мәтінді мәнерлеп оқу тапсырылады. Әр абзац бойынша пікір айтылады. Ол кезде «менің ойымша, себебі, өйткені, осылай ойлаймын, менің түсінігімше, менің пайымдауымша, маған ұнамағандықпен қыстырма сөздерді пайдалана отырып, пікір айту, тұжырымдама жасау тапсырылады.

Кезең. Мәтін бойынша тірек сөздерді пайдалана отырып, сөз тіркесі мен сөйлем құрастыру тапсырылады. Мысалы, «Қоғамның байлығы – дарынды жастар. «Қабілет, қабілеттілік, шығармашылық, іздену, көп оқиды, табиғаттың сыйы, ақыл-ой, белгілі бір сала, қоғам, пайда әкеледі. ». Осы сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрастыру тапсырылады. Бұл сөздер - сөйлем құраудың негізгі сөздері. Сондай-ақ мәтінді әңгімелеудің негізгі жоспарлары бола алады. Мысалы: Қабілет – табиғаттың сыйы. Қабілеті бар адам белгілі бір сала бойынша көп оқиды. Шығармашылықпен айналысады. Олардың ақыл-ойы ерекше дамыған болады. Олар ғылыми жаңалықтар, идеялар әкеледі. Қабілеттің атын әлемге шығарады. Міне, осылай сөйлем құрауды дамыта береді. Ал мәтінді әңгімелеудің барысында осы сөздерді тірек ете отырып баяндайды. «Қазіргі уақытта бойында ереше қабілеті бар адамдар кездеседі. Жастардың бойында музыкаға, шахматқа, өнерге, физикаға, спортқа қабілеті бар адамдар көп оқиды, үнемі ізденісте болады».

Кезең. Грамматикалық тапсырмалар беріледі. Тапсырмалардың дені төмендегідей: Сөздерді сөйлемге қосып бере отырып, сөйлем құрастырту. Мысалы: Қоғам, басты, байлық, дарынды, жастар. Мемлекетті дамуы, үлес қосу, да, дарынды, жастар. Келесі тапсырмада сөздер жалғаулармен беріледі. Тек сөздер орналастыру керек. Мысалы: ерекше, ақыл-ойы, қай салада, дамыған, адам, еңбекті, еңбек етуді қамтамасыз жасайды, тындырымды. Бұл тапсырмалар студенттердің ойлау қабілеттерін дамытып, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Сөздерді есте сақтауға үйретеді деп ойлаймын.

Кезең. Сөйлемдердегі сөздерді әр түрлі формада беру. Қабілет – адамның белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі. Қабілет – адамның белгілі бір қызметке бейімділігі. Қабілет – адамның белгілі бір жұмысқа бейімділігі. Бұл жаттығу мағыналас, мәндес сөздерді көбірек білуге дағдыландырады.

Кезең. Келесі кезең – жалаң сөйлемді беру. Тапсырма түрі: Осы сөйлемді мағыналық жағынан сәйкес сөздермен толықтыру. Мысалы: Дарындылық пайда болады. Адамда дарындылық пайда болады. Адамда дарындылық жас кезінен пайда болады. Адамда іс-әрекетке дарындылық жас кезінен пайда болады. Адамда белгілі іс-әрекетке дарындылық жас кезінен пайда болады. Адамда белгілі іс-әрекетке дарындылық жас кезінен пайда болып, қабілеті ерекше дамиды.

Кезең. Білімі бір кезең – сөйлемнің баяндауыштарын шақ формаларында беру. Мысалы: Дарынды адамдар – қызметтің бір саласында жетістікке жеткендер *болып табылады*. Дарынды адамдар – қызметтің бір саласында жетістікке жеткендер *болып отыр*. Дарынды адамдар – қызметтің бір саласында жетістікке жеткендер *болып табылды*.

Кезең. Сөйлемнің мағынасын басқаша беру. Дарындылық – балалық шақтан байқалатын нышан. Қабілеттілік – адам бойындағы жас кезінен байқалатын белгі. Бір нәрсеге бейімділік балалық шақтан байқалатын ерекшелік.

Кезең. Сөйлемдегі баяндауышпен тіркескен тұрлаусыз мүшелерді басқа сөздермен алмастыра отырып, сөйлемнің мағынасына мән беру. Дарындылықтың басты ерекшелігі – білімді *сапалы* игеру, басты *тиянақты* ұйымдастыра білу. Дарындылықтың басты ерекшелігі – білімді *зейін қоя отырып* білуге қызығушылықпен *мақтамамен, шын ниетпен игеру, жұмысты мән бере отырып, ұқыпты* ұйымдастыра білу.

Кезең. Қарамен берілген сөздерді мағыналық жағынан сәйкес келетін тұрақты сөз тіркестерімен алмастыру. Дарынды адам қандай нәрсені болса да, *қызығушылықпен беріле істейді*. Өзіндік дара жұмыспен *қарама-қарсы* ерекшеленеді. Дарынды адам қандай нәрсені болса да, *жан-тәнін сала, жан-тәнін қолға* қонымды етіп жасайды. Өзіндік жүйріктігімен *елді өзіне тәнті етті, бас идірді, табынды*.

Сөйлем мүшелерін дұрыс орналастыра отырып, баяндауыштарын әр түрлі Жас адамның ерекше қабілетін дер кезінде байқап, жетілдіре түссе, дарын иесіне адамның ерекше қабілетін дер кезінде байқаса, жетілдіре түссе, дарын иесіне айнала ның ерекше қабілетін дер кезінде байқағанда, жетілдіре түскенде, дарын иесіне айнал ның ерекше қабілетін дер кезінде байқай отыра, жетілдіре түсе отырып,оны дарын и руға болады. Бұл жұмыс түрі студенттің сөдің қорын дамыта отырып, сөйлеу дағдысы рады деген ойдамын.

Сөйлем ішіндегі кейбір сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөйлемнің ма дату. Мысалы: Балаға дұрыс бағдар бермесе, баулымаса, қабілеті өшіп, ерекше қас ды. Мұндағы «бағдар беру» сөзінің мағынасы – жол көрсету, жөн сілтеу, бағыт беру, ал «баулу» сөзінің мағынасы «тәрбиелеу, тәрбие беру» екендігін түсіндіре отырып, ж тиімдірек болады. Яғни бұл сөйлемнің мағынасын қарапайым түрде «балаға дұрыс тәғ оның бойындағы дарындылықты танытуға дұрыс жол сілтемесе» деген мағынаны біл сіндірсе, сөйлемнің мағынасын түсіну қиын бола қоймайды.

Сөйлем құрылымына мән беру. Мысалы: Дарындылардың өнегелі өмірі, ғибрат тағылымдық іс-әрекеттері – барша адамзаттың рухани игілігі. Барша адамзаттың руха рындылардың өнегелі өмірі, ғибратты сөздері мен тағылымдық іс-әрекеттері. Баянд тауыштың орындарын өзгерткенмен сөйлемнің мағынасы өзгерген жоқ. Егер сөйлем шына болып табылады деген көмекші етістікті жазса, сөйлемнің мағынасының еш өз нын, тек сөйлемге нақтылық мағына берілгенін байқауға болады.

Ендігі бір кезең – сөйлемнің функционалды қызметі. Мысалы: Адам неғұрлым қаб қызметін соғұрлым табысты орындайды. Бұл сөйлемнің функционалды қызметі – қабі қасында адам табысқа жететіндігі. Адам қаншалықты қабілетті болса, соншалықты тындығы.Қабілеттің арқасында адам өз қызметінде табысты болатындығы айтылады. білет – адамның табыс көзі. Қабілет – адамды байлыққа, табысқа жеткізетін жол.

Сөйлемдердегі сөздердің көп мағыналылығы. Мысалы: Қабілеттің түбі, ең ш дарындылық және данышпандық. Осы сөйлемдегі «түп» сөзінің көп мағыналылығы түсіндіруге болады.1.Бір заттың төменгі, ішкі қабаты. Ыдыстың түбі. 2. Өсімдіктің а бөлігі. Томардың түбін қопардық 3. Өсіп тұрған немесе қазып алынған өсімдік. Бес т ғыздық. 4. Түпкіргі, шеткі.Түп бөлмеде отыр. 5. Адамның шыққан тегі, арғы тегі. Мел сіңген аз атаның баласы едім, түбім – қызай. 6. Бір нәрсенің жаны, қасы. Мәскеу түб талқандалды.

Сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің мағыналық жағынан бір – бі қатынасы. Мысалы: Қабілеттер ішкі мүмкіндіктер арқылы ашылып, адам баласын әрекеттерге қатысуы, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуі арқылы нақты қалыпт Бұл сөйлем – көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем. Себебі, бұл құрмалас сө мында екі бағыныңқылы, бір басыңқылы сөйлем бар. Бірінші сөйлем мен үшінші сөйл жағынан байланыса алады. Ал екінші сөйлем мен үшінші сөйлем өзара мағыналық ж ныса алмайды. Бірінші сөйлем мен екінші сөйлем мағыналық жағынан байланысып (сөйлеммен байланысады. Бұл тапсырманың мақсаты – сөйлемдердің өзара мағы қатынасын үйрете білу. Қазақ тілінде сөйлемдер мағыналық жағынан қарым-қатынасқа мау ерекшеліктерін үйрету.

Қорыта айтқанда орыс тілді аудиторда қазақ тілін үйретудің ең тиімді әдісін о барысында өзі таңдап алады. Қай әдістің қаншалықты нәтижелі, қаншалықты тиімді жүргізу барысында нақтыланады. Сабақта берілетін тапсырма неғұрлым тиянақты, ма сабақтың нәтижесі де соғұрлым мәнді де мағыналы болмақ. Сондықтан сабақ жан-жақ ліп өткізілсе, оның нәтижесі де сапалы, қызықты да тартымды, жемісті болады. Оқыту қалай қолдану керектігін өзі тандайды. Оның негізгі мақсаты - сабақты өзі басқара (сабағының тиімділігін, нәтижелілігін анықтау, нақты нәтижесін көру. Ол – әрине, сту ортаға түсе алуы.

Әдебиет:

1. Нуршаихова Ж. Алгоритмизированный синтаксис. – Алматы, Қазақ университеті, 2002.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009.
3. ҚазМУ хабаршысы. - Филология сериясы. – Алматы, 1997. - №10.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2003.